

**М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕСРИТЕТИ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫ**



**2024 жылы 11 - 18 қараша айында
студенттер арасында дін саласына байланысты
жүргізілген сауалнаманың
АҚПАРАТЫ**

Өзірлеген:
Әлеуметтік жұмыс басқармасының
дінтану бойынша бас маманы Б.К.Алпысбаев

Тараз 2024 жыл.

2024 жылы 11-18 қараша айында Дулати университетінің студенттер арасында дін саласына байланысты жүргізілген сауалнаманың АҚПАРАТЫ

2024 жылы 15 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде *«...Біз халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсуіміз керек. Қазақстан өзінің мемлекеттілігіне және қоғамдық моралына қайшы келмейтін діни наным-сенімдердің, түрлі танымдар мен ілімдердің бәріне түсіністікпен қарайды. Бірақ біз батыстың, я болмаса басқа да көзқарас иелерінің ықпалымен төл мәдениетімізге жат әрі әлемнің дуалистік негізіне кереғар құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кете алмаймыз, кетпейміз де! Деструктивті насихаттарға біздің еліміздегі балалар да ілесіп кетіп жүр. Сондықтан мұның зардап-залалы өте зор болуы мүмкін...»* - деп маңызды мәселелерді айтып өтті. Осы айтылған мәселеге байланысты Дулати университеті әрқашанда студент жастарға рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық тәрбие беру, діни сауаттылықты арттыру және құқық бұзушылыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Осыған орай, 2024 жылдың 11-18 қараша аралығында Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Қ.Алпысбаев жұмыс жоспарға сәйкес, институт және факультет студенттері арасында «Студент жастардың діни ұстанымдарына талдау жасау» тақырыбында онлайн сауалнама жүргізді. Қазақ және орыс тілінде 25 сұрақ қамтылды. Университетте бакалавр күндізгі бөлімде 11084 студенттер білім алса, сауалнамаға қатысқаны – **3331** респондент. Демек, қатысқан студенттердің жалпы көрсеткіші – 30 % құрайды.

Институт және факультет бойынша көрсеткіш:

1. «Технологиялық» факультеті – **723** (21,8%);
2. «Жаратылыстану ғылымдары» факультеті - 599 (18,1%);
3. «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті 586 (17,7%);
4. «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті - 492 (14,8%);
5. «Экономика және құқық» факультеті – 310 (10%);
6. «Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институты – 317 (9,6%);
7. «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультеті – 267 (8,1%);

Курс бойынша көрсеткіш: 1-курс – **1115**, 2-курс – 824, 3-курс – 755, 4-курс – 620 және 5-курс - 17.

Жынысы бойынша көрсеткіш: қыз бала – **2200**, ер бала – 1131.

Оқу түрі көрсеткіші: қазақ тілінде – **2891**, орыс тілінде – 440.

Сауалнаманың сұрақтары бойынша:

Сіз өзіңізді қандай топқа жатқызасыз?

сенушілерге - **2425**

сенбейтіндерге - 199

сенім мен сенімсіздік арасындағы ауытқуларға - 279

жауап бере алмаймын – 388

Аталған сұраққа байланысты студенттердің басым көпшілігі сенушілер қатарына жатқызған. Кез-келген адамның өзінің жеке ұстанымы ретінде Құдайға сену, дінді ұстану немесе сенбеу, ұстанбау әркімнің өз еркінде болып табылады. ҚР Конституцияның 14-бабында: Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы айтылған.

Сіз қай дінді / конфессияны ұстанасыз?

Христиан - 56

Буддизм - 3

Ислам - **3052**

Иудаизм - 0
Иегова куәгерлері - 1
Православтік - 25
Католиктік -1
Протестантық - 3
Тәңіршілдік - 3
Ешқандай дінді ұстанбаймын – 187

Қазақстан мемлекетінде рухани тарихы мен мәдениеті қалыптасқан екі үлкен Ислам және Христиан діні конфессиясы бар. Жалпы студенттердің көпшілігі Ислам дініне жақын екенін көрсеткен. Алайда, кейбір студенттер әртүрлі конфессияны да белгілеген. Қазақстан мемлекетінде әртүрлі конфессиялар және этностар еркін өмір сүруде. Әрбір азамат қай конфессияны қабылдайтыны өз еркінде. Діни бірлестіктер өздерінің миссионерлік қызметтерін «ҚР Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға сәйкес қызмет жасайды. Діни бірлестіктердің қызметтерін Жамбыл облысы әкімлігі Дін істері басқармасы қадағалайды.

Сіз діни сенімдеріңізді қандай деңгейде ұстанасыз?

толықтай ұстанамын - 1319
жартылай ұстанамын - **1696**
ұстанбаймын / не придерживаюсь – 271

Осы сұраққа байланысты респонденттердің көпшілігі өздерінің діни сенімдерін «жартылай ұстанамын» деп белгілеген.

Куратор тарапынан студенттермен діни экстремизмнің алдын алу тақырыбында тәрбие сағатын өткізеді ме?

жиі өткізеді - **1448**
мүлдем өткізбейді - 293
өткізудің қажеті жоқ - 573
өткізген дұрыс, студенттердің діни сауаттылығы қалыптасады – 947

Аталған сұрақ тікелей кураторлардың топ студенттермен діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын алу мақсатында жұмыс жасауына байланысты болып табылады. Кураторлар діни тақырыпта өткізетін тәрбие сағаттарын міндетті түрде Әлеуметтік жұмыс басқармасымен өзара келісіп ұйымдастырады. Алайда, сауалнамада діни тақырыпта тәрбие сағатын өткізбейтін кураторларда бар. Шын мәнінде кураторлар өздерінің тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес, діни экстремизм көріністерін алдын алу бойынша тәрбие сағаттарын жиі өткізулері қажет.

Егер сіз мұсылман болсаңыз, Исламдағы қай бағытты ұстанасыз?

Сүннит (Ханафи мазхабы) / Суннитский (Ханафитский мазхаб) - **2413**
Шиит - 126
Сопылық - 42
Уаххаби-сәләфилік - 27
Сүлеменші жамағаты -35
Нұршы жамағаты -85
басқада әртүрлі жазылған пікірлер – 201

Берілген жауаптарға назар аударсақ, студенттердің басым көпшілігі Ислам дініндегі дәстүрлі бағыты болып табылатын сүнниттік Ханафи мазхабын дұрыс деп белгілеген. Сонымен қатар, еліміздегі Ханафи мазхабының ұстанымына қарама-қайшы болып келетін және ұлттық-дәстүрлі құндылықтарды жоққа шығаратын «уаххаби-сәләфилік» діни ұстанымды белгілеген студенттерде жоқ емес. Аталған ұстаным біздің қоғамда радикалдық діни идеология ретінде танылып, олардың діни сенімдерінде көптеген адасушылықтары бар. Институт және факультеттердің декандары, тәрбие жөніндегі декан орынбасарлары, кураторлар тарапынан осы мәселені назарға алып, студенттерге дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде Әлеуметтік жұмыс басқармасымен,

облыстық Дін істері басқармасымен арнайы дінтанушы мамандармен бірлесіп жүргізу қажет.

Егерде сіздің тобыңызда басқа діни ағымның ықпалында жүрген студент болса, қандай әрекет етесіз?

университеттегі дінтанушы маманға жүгінемін - 884

факультет деканына айтамын - 122

кураторға жеткіземін - **1302**

ректордың жеке блогына жазамын – 51

басқада әртүрлі жазылған пікірлер – 488

Студенттік топтарда басқа деструктивті, радикалдық діни ағымның ықпалында жүрген студенттер бар болған жағдайда, кураторға жеткізетіндігін белгілеген. Өйткені студенттік топтарға тікелей куратор жауапты болады. ҚР мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыруына байланысты қоғамдағы радикалдық діни ағымдардың қауіп-қатерін ескере отырып, студенттердің діни сауаттылығын арттыру бойынша арнайы дінтанушы мамандардың қатысуымен кездесу шараларын өткізген дұрыс. Сонымен қатар, университетте Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев дін саласына байланысты кураторлармен бірлесіп қызмет жасайды.

Діни рәсімдерге (мешітке/шіркеуге бару, жұма намаз, бес уақыт намаз оқу) қаншалықты жиі қатысасыз?

күн сайын - 231

аптасына бірнеше рет - 211

аптасына бір рет - 340

айына бір рет - 448

қатыспаймын - **1926**

басқада әртүрлі жазылған пікірлер – 39

Бұл сұрақ адамның дінге қаншалықты жақын екенін білдіреді. «Күн сайын» деген жауапта адамның бес уақыт намаз оқитындығы болса, «аптасына бір рет» деген жауап жұма намазға баратындығын білдіреді. Демек, көпшілік респондент діни рәсімдерге қатыспайтындығын білдірген. Студенттердің негізгі міндеті университеттің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес сапалы білім алу болып табылады. Діни рәсімдер тек діни ғимараттарда жүзеге асады.

Егер сіздің діни сезіміңізді ренжіткен болса, сіз қандай әрекет етесіз?

мен ештеңе болмағандай кейіп танытамын - **1676**

құқық қорғау ұйымдарына жүгінемін - 894

сотқа жүгінемін - 70

өз діни сезімді қорғау үшін қару алуға дайынмын - 74

көмек алу үшін діндар достарыма жүгінемін - 305

елден көшіп кетуге тырысамын - 13

басқада әртүрлі жазылған пікірлер – 125

Бұл сұрақта кейбір студенттер «өз діни сезімді қорғау үшін қару алуға дайынмын» деп жауаптарын белгілегендігі алаңдатарлық жағдай болып тұр. Өйткені, мұның арты қоғамға қауіпті болып келуі немесе күтпеген жағдайда діни тұрғыда қылмыстық әрекет жасауына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Дулати университетінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» немесе «Рухани сабақтастық» курсы оқытуды қажет деп ойлайсыз ба?

діни сауаттылық қалыптасады - **1620**

деструктивті діни ағымдардан алыс болады - 79

қажеті жоқ деп ойлаймын / не думаю, что нужно - 1241

діни экстремизм көріністерін алдын алады – 231

білмеймін – 18

Респонденттердің басым көпшілігі жоғары оқу орындарда дінтану негіздері бойынша курстарды оқыту қажеттілігін белгілеп отыр. Осы курс бойынша білім алған студенттердің

қоғамдағы жат діни ағымдардың ықпалына ұшырамайды, діни сауаттылық қалыптасады, дәстүрлі рухани танымдық көкжиегі кеңейеді.

Студенттердің пікірлері: (Нет потому это может перевести межрегиональным конфликтам. Дулати это в первую очередь университет а не медресе), (Не стоит тратить время студентов на такое (мое мнение), лучше добавить элективный курсы, где студент может выбирать интересующие его предметы и изучать его), (Керек шығар діни түсінігі жоқ адамдар көп), (Иә қажет деп ойлаймын. Өз маманынан білім алған дұрыс. Егер сондай маман университетте білім беретін болса, жастар интернет желісінен дін жайлы іздемейтін еді. Сол үшін де қажет)

Сабақ кезінде сабақтан тыс діни тақырыпта уағыз жүргізетін оқытушылар кездесті ме?

жоқ - 3091

ия – 192

Бұл сұрақ оқытушылардың сабақ кезінде студенттерге сабақтан тыс діни тақырыпта үгіт-насихат жүргізуге болмайтындығын білдіреді. Басым көпшілігі жоқ деп жауап берген.

Студенттердің жазған пікірлері: (Бір ағай бізді атеисттікке шақырды), (Мектепте, жатақханада экстремизмге қарсы дін өкілдері жиналыс өткізді), (несмотря на крайне негативное отношение преподавателей к нашей вере, мы не прекращаем работу нашей миссионерской миссии и продолжаем набирать новых братьев), (Часто зарождался спор между студентами и преподавателями из-за разногласий во взглядах, но тема религии была поднята исключительно потому что оно есть в силлабусе), (Дін жолындағы жақын туысқандарым болмаса, ондайларға жақындауға да қорқамын шыны керек, өзіме информация керек болса, мешіттегі молдаға жүгінем, интернеттегі муфтийлерге, кәзіргі таңда уағыз айтатын имамдардың лекцияларын тыңдаймын мысалға, немесе мешітке барып, полкалардағы кітаптарды оқимын), (Діннен дым хабары жоққо көбісінің, дінге байланысты әрекет жасасаң қайдағы жоқ ұлтқа теңеп арабқұл деп шығад . Не енді ол еее маё , дым білімі жоқ жастардың дін жағынан үзінді уағыздарға тойып аған)

Сіз өзге дін өкілдеріне қалай қарайсыз?

оң - 1405

теріс - 161

бейтарап - 1378

айта алмаймын – 332

Студенттердің басым көпшілігі өзге дін өкілдеріне құрметпен қарайтындығын білдірген. Бұл ашық та толерантты қоғамның айқын белгісі болып табылады. Ал, діндегі толеранттылық дегеніміз өзге дін өкілдерімен жақсы қарым-қатынас жасау, жақсы мәміледе болу және оларға әділдік таныту ретінде қарастырылады.

Өзіңізге қажетті діни ақпараттарды қайдан аласыз?

әлеуметтік желідегі діни парақшалардан - 1369

дін жолындағы жүрген достарымнан - 388

мешіттегі имамнан – 824

университеттегі дінтанушы маманнан - 206

діни жамағаттағы бауырлардан – 206

басқа да әртүрлі пікірлер – 172

Респонденттердің көпшілігі діни ақпараттарды интернет желісінен алатындығын білдірген. Әлеуметтік желілерде дәстүрлі қазақ қоғамына қайшы келетін кейбір діни парақшалар және уағыздар жоқ емес. Кейбір діни парақшаларда астарлы түрде деструктивті діни ағымдардың экстремизмдік идеяны насихаттайтын жазбаларда бар. Студент жастар ол парақшалардың дұрыс-бұрыстығын ара-жігін ажырата алмайды. Сол үшін «фейсбук», «инстаграм», «телеграм» әлеуметтік желілерде ресми түрде тіркелген (Жамбыл облысы әкімдігінің дін істері басқармасы, Жамбыл облысы әкімдігінің дін проблемаларын зерттеу орталығы, облыстық «Ибатулла әт-Тарази орталық мешіті) діни парақшаларды қолданған

дұрыс. Сонымен қатар, осы сұрақта алаңдатарлық жауаптардың бірі болып табылатын «діни жамағаттағы бауырлардан» деген жауап. Өйткені, деструктивті діни ағымдар қоғамнан бөлектеніп діни жамағат ретінде қалыптастып, өздерің бір-біріне араб тілінде «ахи» деп айтады. «Ахи» деген сөз жамағаттағы бауырлар деп қолданады.

Сіз әлеуметтік желілерде діни тақырыптар бойынша пікірталастарға қатысасыз ба?

қатыспаймын - 2286

жиі қатысамын - 143

егер тақырып мені қызықтырса қатысуға болады - 514

қатысу үшін діни білім қажет – 348

Респонденттердің көпшілігі әлеуметтік желілерде діни тақырыпта пікір жазбайтындығын және қатыспайтындығын білдірген. Өйткені, әлеуметтік желілерде дін саласында құзырлы органдар тарапынан аналитикалық интернет карта арқылы мониторинг жүргізіп отырады.

Қоғамдағы діни экстремизм идеяларды алдын-алу үшін қандай ой қосасыз:

әрбір жоғары оқу орындарда дінтанушы маман болу керек - 1337

жоғары оқу орында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы жүргізілу қажет - 638

ұлттық тәрбие және рухани сабақтастығы туралы кездесулер жиі өткізу керек – 943

Бұл сұрақ студенттердің қоғамдағы діни экстремизм көріністерін алдын-алу үшін ой-пікірлерін тыңдау. Көпшілігі «әрбір жоғары оқу орындарда дінтанушы маман болу керек» деген жауапты белгілеп отыр. Қазіргі таңда университетте дін саласына байланысты Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев қызмет жасауда. Дінтанушы маман факультеттердің тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасарларымен бірлесіп, студенттердің діни сауаттылығын арттыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Университетте діни-саяси насихат жүргізуге және діни рәсімдерді орындауға болмайтындығын білесіз бе?

ия - 2590

жоқ - 293

бірінші рет естуім – 390

Осы сұрақта көрсетілген жауаптарға назар аударсақ, студенттердің көпшілігі білім беру мекемеде діни-саяси уағыз насихат жүргізуге болмайтындығын білуде. Демек, жастардың құқықтық және діни сауаттылығы жоғары екенін байқауға болады. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға сәйкес, діни насихат қызметтері және діни рәсімдер тек діни ғимараттарда (мешіттер) жүргізіледі.

Қандай азаматтардың діни уағыздарың тындайсыз?

Нұрсұлтан Рысмағанбетұлы - 1011

Нұрлан имам - 699

Қабылбек Әліпбайұлы – 407

Ерлан Ақатев - 115

Ерсін Әміре - 114

Дарын Мубаров - 17

Ділмұрад Махаматов (Дилмурад Абу Мухаммад) - 22

Ринат Абу Мухаммад - 12

Закир Найк - 66

Қайрат Жолдыбай - 16

Шамил Аляутдинов - 11

басқа әртүрлі жазылған пікірлер – 234

тыңдамаймын – 607

Осы сұрақта діни уағызшылардың арасында ҚМДБ қарасты дәстүрлі бағыттағы ханафи мазхабына сәйкес, шетелдік уағызшылар және деструктивті діни ағымдардың экстремизмдік идеяны насихаттайтын діни уағызшылар қамтылған. Студенттердің

көпшілігі ҚМДБ қарасты дәстүрлі бағыттағы Ханафи мазхабына сәйкес Нұрсұлтан Рысмағанбетұлы, Қабылбек Әліпбайұлы, Нұрлан имам, Ерсін Әміре, Қайрат Жолдыбай тұлғаларды дұрыс ретінде белгілеген. Сонымен қатар, кейбір студенттер өзге діни ұстанымдардың идеясын насихаттайтын діни уағызшыларды Ділмұрад Махаматов (Дилмурод Абу Мухаммад), Дарын Мубаров, Закир Наик, Ринат Абу Мухаммадты белгілегендерде бар. Ханафи мазхабына қарам-қайшы келетін деструктивті діни ағымдардың уағыздарың тыңдауға, таратуға және олардың діни ұстанымдарын қолдауға болмайтындығы заң аясында қарастырылған. ҚР «Қылмыстық кодексі» және ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске» сәйкес жауапқа тартылады.

Сіз әлеуметтік желілерде діни сенімдерді насихаттау мақсатында қандай контентті жиі жариялайсыз?

мүлдем жарияламаймын – **2411**

Құран аяттар немесе хадистер - 389

діни уағыздар - 250

өзімнің жеке діни көзқарасымды - 117

діни өлеңдер мен нашіттер – 53

Респонденттердің көпшілігі әлеуметтік желіде діни сенімдерді насихаттауға байланысты контенттерді (жазбаларды) мүлдем жарияламайтындығын білдірген. Алайда, кейбір студенттер Құран аяттар мен хадистерден құрылған діни уағыздарды, нашид-өлеңдерді жариялайтындығын атап өткен. Бұл әрекет жастар үшін қауіпті болуы мүмкін. Өйткені, жастардың діни сауаттылығы аз болғандықтан, діни мәселелердің дұрыс-бұрыстығын ажырата алмайды.

Күмәнді діни парақшаларға тіркелуге болмайтынын білесіз бе?

ия - **2988**

жоқ - 131

бірінші рет естуім - 161

өз пікірі – 51

Бұл сұраққа байланысты респонденттердің басым көпшілігі интернет желісінде күмәнді діни парақшаларға тіркелуге болмайтындығын біледі. Жамбыл облысы әкімдігі Дін істер басқармасы, құқық қорғау орган қызметкерлері интернет желісінде аналитикалық интернет карта арқылы күмәнді діни парақшаларға тіркелген азаматтарды топтан шығаруға және оларға ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Әлеуметтік желілердегі діни пікірталастар мен пікірлер арасында қандай қиындықтарды байқайсыз?

көптеген пікірталастар агрессивті және құрметсіз болады - **1200**

пікірталастар ашық және түсіністікпен өтеді - 1032

пікірталастар тек жеке тұлғалармен шектеледі, бірақ ешқандай шешімге келмейді – 579

басқа әртүрлі жазылған пікірлер – 250

Сіз үшін діни міндеттерді орындау барысында қандай қиындықтар туындайды?

діни білім мен түсініктің жетіспеушілігі - **1129**

уақыт тапшылығы / нехватает времени - 910

қоғамдық орта мен әлеуметтік жағдайлар - 422

отбасылық жағдайлар немесе жеке қарым-қатынастар – 236

басқа да әртүрлі жазылған пікірлер – 250

Аталған сұрақ бойынша респонденттердің басым көпшілігі діни міндеттерді орындау барысында діни білім мен түсініктің жетіспеушілігін атап өткен. Діни міндеттерді орындамастан бұрын, әуелі кез келген азамат діни нормалары, діндер тарихы, діндер мәдениеті, дін мен ғылым қатынасы, дін мен дәстүр сабақтастығы туралы сауаттылығы жоғары болу керек.

Сіз діннің жастарға әсерін қалай бағалайсыз?

жастардың моральдық құндылықтарын қалыптастыруда өте маңызды рөл атқарады -
2006
жастарға кері әсер етуі мүмкін, себебі олардың еркіндігіне шектеу қойылуы мүмкін
- 369

жастарға ешқандай әсер етпейді – 710

басқа да әртүрлі жазылған пікірлер – 110

Осы сұраққа байланысты көпшілік респондент дін жастардың моральдық құндылықтарын қалыптасуына көмегін тигізеді деп жауап берген. Дін дегеніміз – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана болып табылады. Сонымен қатар, адамның рухани кемелденуіне жетелейді. Дінсіз қоғам өмір сүре алмайды.

Әртүрлі діни сенім көзқарастар қоғамда бірге өмір сүруі қаншалықты мүмкін деп ойлайсыз?

қоғам әртүрлі діндерді қабылдай алады - **1732**

бірақ белгілі бір ережелер мен шектеулер болуы тиіс - 947

бұл қауіпті, әртүрлі діндер арасында шиеленіс туындауы – 469

Бұл сұраққа байланысты респонденттердің көпшілігі қоғамда әртүрлі діни сенім өкілдері бірге өмір сүре алады деп жауап берген. Қазақстан Конституциясының 22-бабында: «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар» делінген. Елімізде дінді таңдау бостандығы ар-ождан бостандығы деп аталады. Әр адамның ар-ождан бостандығы және әр адамның дінді таңдау бостандығы бар.

Дін мен ғылым арасындағы қатынас туралы не ойлайсыз?

дін мен ғылым бір-бірін толықтырады - **1723**

дін мен ғылым арасында қарама-қайшылық бар - 497

дін мен ғылым бір-біріне әсер етпейді – 931

Аталған сұраққа байланысты респонденттердің көпшілігі дін мен ғылым бір-бірін толықтырады деп белгілеген. Белгілеген жауаптары өте дұрыс. Осы жауаптарға назар аударсақ, студенттердің дәстүрлі діни танымдары және ғылымға деген құштарлығы жоғары екенін байқауға болады. Дін мен ғылым бір-біріне қайшы келмейді. Керісінше дін ғылымды толықтырады және дамуына үлес қосады.

Әлеуметтік желілерде діни нанымдарға қарсы пікірлер мен сынды қалай қабылдайсыз?

әлеуметтік желілердегі діни сындарға жауап бермеймін - **2238**

ашық түрде қарсы пікір білдіремін - 493

діни пікірлерді және сынды жақсы қабылдаймын – 422

Аталған сұрақ бойынша респонденттердің басым көпшілігі әлеуметтік желілерде адамның діни наным-сенімдеріне қарсы айтылған сындардарға жауап бермеймін деп белгілеген. Қазір таңда әлеуметтік желілерде қоғамға кері әсерін тигізетін діни тақырыпта көптеген пікір таластарды байқауға болады. Әсіресе, дәстүрлі діни танымға қарсы экстремизмдік идеяларды насихаттайтын күмәнді діни парақшалар бар.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл», «Терроризмге қарсы іс-қимыл» заңдардың бар екенін білесіз бе?

ия - **2760**

бірінші рет естуім - 283

жоқ - 232

Респонденттердің көпшілігі экстремизм мен терроризм туралы заңдық нормаларды білетіндігін белгілеген. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанда ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы, ҚР 2005 жылғы 18 ақпанда «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және ҚР 1999 жылғы 13 шілдеде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданған болатын. Дін мәселесіне байланысты туындаған сұрақтардың шешімін арнайы дінтанушы мамандардан немесе мешіт имамдардан сұрау қажет. Әлеуметтік желісінде ҚМДБ-нің muftuat.kz ресми сайты және Жамбыл облыстық әкімдігі Дін проблемаларын зерттеу орталығының ресми парақшалары бар.

ҰСЫНЫС

1. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыруына ықпал ету.
2. Студент жастар арасында діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
3. Факультеттердің тәрбие жұмыс жоспарына дін саласына байланысты тәрбие сағаттарын енгізу және өткізу.
4. Кураторлардың дін саласына байланысты өткізілетін іс-шараларды міндетті түрде Әлеуметтік жұмыс басқармасымен келісу.
5. Жамбыл облысы әкімдігі Дін істері басқармасы, Жамбыл облысы бойынша ПД Экстремизмге қарсы күрес басқармасы және Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөліміне қарасты дінтанушы мамандардың қатысуымен дөңгелек үстел, кездесу, семинар іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.